

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҰСАҚ ДАУЛАР СОТЫ

3 ақпан 2023 жыл

№: AIFC-C/CFI/2022/0030 ic

(1) ЛЮЗИДЖА

(2) ЛЕЙЧУ

Талап қояшылар

және

ӘЛІБЕК ТӨЛЕПОВ

Жауапкер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:

Судья Томас Монтагю-Смит КС



БҰЙРЫҚ

1. Тыңдауды кейінге қалдыру туралы өтініш қабылданбай тасталады.
2. Талап қабылданбай тасталды.

ШЕШІМ

1. Бұл екі жеке тұлға - Лю Зиджа және Лей Чу қойған талап, олар АХҚО компаниясы - Grey Cattle Management Limited-тің («Компания») акционерлері болып табылады. Талап қоюшылар Компанияның 90% акциясына иелік етеді. Жауапкер Әлібек Төлепов мырзаға қалған 10% тиесілі.
2. Компания 2022 жылғы 2 ақпанда тіркелген. Байқауымызша, акционерлер ол криптовалюта майнингтейтін компания ретінде жұмыс істейтін болады деп ойлаған. Маған ол қазір сауда операцияларын жүргізбейтіні хабарланды.
3. Талап қоюшылар Жауапкерді компания құрамынан шығуға міндеттейтін бұйрық шығаруды сұрайды. Іс жүзінде олар Жауапкерді өз акцияларын оларға беруге міндеттейтін бұйрық шығарылуына қол жеткізуге күш салуда.
4. Тыңдау кезінде Талап қоюшылардың атынан Тұяқбаев мырза өкілдік етті, ал Жауапкер өз мүдделерін өзі білдірді. Мен мүдделерді әдеппен және айқын білдіргендері үшін олардың әрқайсысына алғыс айтамын.
5. Тыңдаудың басында Талап қоюшылар, маған хабарланғандай, оларға шамамен үш күн бұрын алынған ақпаратты қарастыру мүмкіндігін беру үшін тыңдауды бір айға кейінге қалдыру туралы өтінішпен жүгінді. Компанияның өнім берушісі сатып алынған жабдық үшін Компания қосымша ақша төлеуі керек деп мәліміздегені айтылды. Мен тыңдауды кейінге қалдыру туралы өтінішті қабылдамадым, өйткені ең алдымен, мен бұл ақпараттың істің нәтижесіне қалай әсер ететінін көрмедім. Талап қоюшылар бұл ай оларға пікірталас өткізуге мүмкіндік беретінін атап өтті, осыдан кейін талап кері қайтарылып алынуы мүмкін. Жауапкер талқылау кез келген жағдайда өтуі мүмкін екенін және егер жаңа ақпарат ештеңені өзгертпесе, шешімді кейінге қалдырудың мәні жоқ екенін атап өтті. Мен келістім.
6. Талап қоюшылар 2021 жылдың соңында компания үшін криптовалюта өндіру операциясын ұйымдастыруға қажетті жабдықты өз есебінен сатып алғандарын мәлімдейді. Мәлімделіп отырғандай, құны 100 000 доллардан асқан. Талап қоюшылар Жауапкер тек 10 000 теңге үлес қосты деп мәлімдейді. Жауапкер мұны даулап отыр. Ол көбірек үлес қостым деп санайды.
7. Талап қоюшылар 2022 жылғы қаңтар-шілде аралығындағы кезеңге арналған "Әкімшілік және күрделі шығыстар" кестесін қоса берді. Онда көрсетілген цифрларға сәйкес, жұмсалған инвестицияның күрделі шығындары 464 417 Қытай юанін құрайды, бүгінгі бағам бойынша 68 942 долларға тең. Басқа шығындардың ішінде "жалақы және әлеуметтік аударымдар" үшін 286 065 юань, "қосалқы бөлшектер" үшін 11 216.19 юань, "кеңсе шығындары" үшін 11 452,87 юань, кедендік рәсімдеу ақысы үшін 80 467.28 юань, 316 000 юань электр энергиясы үшін 50% алдын ала төлем, 19 251 юань қойма шығындары, 188 436.62 юань (шамамен 28 000 АҚШ доллары) іссапар, жалға алу үшін 9 879.78 юань, "жобаның басындағы шығындар" үшін 61 979.06 юань, кеңсе компьютері үшін 1 688 юань, көлік шығындары 148 597.32 юань, заңгерлік қызмет шығындары 55 860 юань көрсетілген.



Инвестицияланған деп жарияланған жалпы сома - 1,655,310. 35 юань (шамамен ОК 245,729. 90).

8. Жауапкер бұл болжамды шығындар құжаттық дәлелдермен расталмағанын көрсетеді. Олардың кейбірін түсіну өте қиын екенін мен де атап өтемін. Шамалауымызша, "күрделі шығындар" - бұл майнинг ұйымдастыруға қажетті компьютерлер мен ілеспе жабдықтар. Алайда, кейбір басқа болжамды шығындарға не үшін қажеттілік туындағанын немесе тіпті осы шығындардың кейбірлері не екенін түсіну өте қиын.
9. Талап қоюшылар шығындарды компания атынан төлеген болып шықты. Төлемдер компанияның қарыздары түрінде жүргізілді деп мәлімделмейді, бұл Компанияның Талап қоюшылар алдындағы тиісті борышын тудырды.
10. Талап қою құжаттарында Жауапкерге өз акцияларынан бас тартуға неліктен бұйрық берілуі мүмкін екендігіне түсініктеме іс жүзінде жоқ.
11. Қандай да бір нақты келісім жоқ жағдайда компанияның сатып алулары мен қызметін кім қаржыландырғаны туралы мәселе тек тарихи қызығушылық тудырады. Қазіргі уақытта Жауапкер компанияның 10% акциясына иелік етеді. Компания таратылған кезде, ол, басқа да тең талапшарттар жағдайында, әдетте оның таза активтерінің 10%-ына құқылы. Компания қалай болғанда да қайсыбір активтерге иелік етеді, олар азаюы мүмкін болғанымен, белгілі бір құндылыққа ие екені ықтимал.
12. Талап қоюшылар Covid-19 нәтижесінде есептеу жабдықтарын жеткізу кейінге қалдырылды, ал кәсіпорын тиімсіз болды деп мәлімдейді. Компания сауда жасамаған, пайда таппаған және Талап қоюшылар енді Қазақстанда бизнесті жалғастыруға қызығушылық танытпайды. Талап қоюшылар Жауапкерге компания мүшелерінің құрамынан шығуды сұрап хат жолдады. Төлепов мырза хатты алғанын, бірақ оған жауап бермегенін мойындайды. Ол мұндай талаптың заңды негіздері бар деп таппаған.
13. Мен Сот отырысында Талап қоюшылардың өкілінен Жауапкерді оның акцияларынан айыру туралы бұйрықты қандай құқықтық негізде шығара алатынымды түсіндіруін сұрадым. Өкіл бұл мәселе бойынша нақты көмек көрсете алмады. Негізінде, оның позициясы - Жауапкер Талап қоюшылармен олардың өтініші бойынша жұмыс істемеген, сондықтан олар сотқа көмек сұрап жүгінген. Жауапкер бұл позицияны даулап отыр. Ол хатқа жауап берген жоқ. Алайда, оның айтуынша, ол Талап қоюшылармен байланысуға тырысқанымен, мұнысы сәтсіз болған.
14. Позицияның дұрыс болып табылатындығының айтарлықтай маңызы жоқ. Егер Компанияның қз қызметін жалғастыру ниеті болмаса, оны тарату кезінде ынтымақтасуға барлық тараптардың мүдделі екені айқын. Алайда, егер тіпті миноритарлық акционер ынтымақтаспаса да, мұның нәтижесі ретінде оны өз акцияларынан құр айырып тастауға болмайды.
15. Талап қоюшылардың өкілі Жауапкер өз акцияларына қатысты белгілі бір өтемақы алуға құқылы екенімен келісті. Бұл туралы сұрағанда, ол Талап қоюшылардың белгілі бір өтемақы ұсынғаны әбден мүмкін екенін түсіндірді, бірақ ол бұл тек оның пікірі екеніне және, қалай болғанда да, оның қолында ақпарат жоқ екеніне келісті. Мен одан Жауапкер өтемақының қандай мөлшерін алам деп көздейтінін сұрағанымда, өкіл оның тек 10 000 теңге мөлшеріндегі өзінің бастапқы жарнасын қайтаруға ғана құқығы бар деп болжады. Қай тұрғыдан алғанда да, бұл Жауапкердің акцияларының құнын бағалау үшін дұрыс негіз болмас еді. Компания акцияларының ағымдағы құны акционердің бастапқы қаржылық



жарнасы негізінде өлшенбейді. Тараптар акцияларды бөлудің басқа тәртібі туралы уағдаласуы тиіс болып табылатын себептер толып жатыр. Акциялардың тиесілілігі туралы мәселе шешілгеннен кейін, акционерлердің мүдделері компанияның тағдырына байланысты болады.

16. Компанияның таза активтері қандай екенін және, тиісінше, Жауапкердің акцияларының құны қандай екенін шешу үшін менде ақпарат жоқ және мен ондай позицияда да емеспін. Бұл әдетте компания таратылған кезде жүргізілетін тексеріс. Егер АХҚО компаниясы "Банкроттық туралы" АХҚО регламентінің 4-бөлімінің 2-тарауына сәйкес өз еркімен таратылса, Соттың араласуы талап етілмейді. Анағұрлым тығыз қарым-қатынас жағдайында Бұл Тараптар компанияның таза активтерін бөлу бойынша әділ келісімге қол жеткізе алады деп үміт арту қалады. Тұяқбаев мырзаның бүгінгі көмегі өте прагматикалық және пайдалы болды. Бәлкім, оның араласуы тараптардың келісімге келуіне көмектесетін болар. Егер олар мұны істей алмаса, онда бұл үшін таратушы тағайындалуы мүмкін. Алайда, қазіргі мақсаттар үшін мен Жауапкерден өз акцияларын талап қоюшыларға табыстауды талап ететін бұйрық шығара алатын заңды негіздерді көріп отырғаным жоқ және олардың ешбірі жазбаша түрде де, өкіл арқылы да түсіндірілген жоқ.
17. Аталған себептерге байланысты мен қойылған талапты қабылдамаймын.

Сот қабылдады,

Том Монтагю-Смит КС
Судья, АХҚО соты

Өкілдік ету:

Талап қоюшы атынан «PLKZ» ЖШС Бас заң директоры Олжас Тұяқбаев мырза өкілдік етті.

Жауапкер өз мүдделерін өзі білдірді.